

«07» 04 2021 жылғы  
№323-36 ұйықтың №1 қосымшасы

## БЕКІТЕМІН

«Дене мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған спорт клубы» м.у.а коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын басшысының м.у.а.

Жолшыбеков Н.М.

(аты-жөні, тегі)

04 2021 жыл



### Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру жән спорт басқармасы «Дене мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін ұйымдастыру жөніндегі ЕРЕЖЕ

#### 1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру жән спорт басқармасының «Дене мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) төрағасы А.Шпекбаевтың 2020 жылғы 30 желтоқсанда бекіткен «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарын» басшылыққа ала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудың бірыңғай тәсілін қалыптастыру мақсатында клубта сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін жүзеге асыратыны Ереже әзірленді.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектісі бөлімшелерінің біріне жүктелетін тиісті ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) квазимемлекеттік сектор субъектісі – мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар,

сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар;

3) мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық жағдайында аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттемелерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

## **2 -тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары**

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметті Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңына (бұдан әрі –сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама) және осы Ережеге сәйкес клубтың – заңгері жүзеге асырады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер жұмысының негізгі мақсаты: клубта және оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін Заңға сәйкес тиімді іске асыру.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алу ұсынылады:

1) Орталық басшылығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тиімділігіне мүдделілігі;

- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;
- 3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау жүйелілігі;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жұмысының ақпараттық ашықтығы;
- 5) клубта сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі және жетілдіру.

### **3 - тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің жұмысын ұйымдастыру тәртібі**

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүктеу туралы шешімді клубтың басшысы қабылдайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы тиісті бұйрықтың клубтың ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық қызметкерлердің назарына жеткізіледі.

9. клубтың заңгері басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларының сақталуы бойынша бақылауды жүзеге асыратын клубтың басшысына есеп береді.

11. клубтың заңгері функционалдық міндеттемелерін, құқықтары мен жауапкершілігінің лауазымдық нұсқаулығында айқындалады.

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке клубтың заңгері мынадай функцияларды жүктеу ұсынылады:

1) клубтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;

3) мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингтеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;

4) клубтың қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №342 бұйрығымен бекітілген Азаматтық қызметшілердің қызмет әдебі кодексінің сақталуын талап ету;

5) «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес тиісті мамандарды тарта отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;

6) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету;

7) сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және/немесе оларға қатысу;

8) клуб қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі жұмысты үйлестіру;

9) клуб қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) Жамбыл облысы бойынша департаментіне жәрдем көрсету.

13. Жүктелген міндеттерді іске асыру үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке мынадай құқықтар мен міндеттемелерді беру ұсынылады:

1) қызметіне қатысты клуб құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды сұратады және ала алады;

2) олардың құзыретіне жататын мәселелерді клуб басшысының немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет есеп беретін өзге тұлғаның (органның) қарауына шығаруға бастамашылық жасай алады;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасай алады;

4) мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және оларды өз құзыреті шегінде іске асыруға қатыса алады;

5) олардың құзыретіне жататын мәселелер бойынша мәжілістер ұйымдастырды және өткізеді;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті;

7) сыбайлас жемқорлықтың, Әдеп кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама бұзушылықтың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы клуб басшысын және/немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет есеп беретін Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) Жамбыл облысы бойынша департаментін уақтылы хабардар етуге міндетті;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыра алады.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке клуб заңгеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың орын алған немесе ықтимал мүмкіндігі туралы ақпаратты хабарлай алатын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде сенім телефоны құрылсын және ол Орталықтың әлеуметтік желілерінде жариялансын.

15. Сыбайлас жемқорлық комплаенс-қызмет қызметкері клуб заңгеріне мүдделер қақтығысына (қаржылық, мүліктік, туыстық немесе өткізілетін іс-

қимыл) әкелуі мүмкін оқиғаларға (тексерулер, қызметтік тергеулер және т.б.) қатыспауы керек.

16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі жұмысқа қабылданған сәттен бастап, басқа лауазымға тағайындалғаннан кейін, сондай-ақ біліктілігін арттыру кезеңінде (жылына кемінде бір рет) кәсіпорын қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарына жүйелі түрде оқытуды қамтамасыз етеді. Оқу формаларын, өткізу әдістемесін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі дербес белгілейді» (дәрістер, семинарлар, тренингтер).

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтерінің мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тәртібі қолданыстағы заңнамаға сәйкес кәсіпорынның ішкі құжаттарында белгіленеді.

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтерін әдістемелік және ақпараттық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.